

«Бекітемін»  
 Қазақстан Республикасы  
 Білім және ғылым  
 вице-министрі  
 Б.А. Асыллова  
 « 7 » 03 2018 ж.

**Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша  
 «Қазақ әдебиеті» (оқу орыс тілінде жүретін мектептер үшін) пәнінен 11-сыныпқа  
 арналған тест спецификациясы**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Жалпы білім беру ұйымдарына білім беретін пәндердің оқу бағдарламасына негізделіп құрастырылған құжат.

**1. Мақсаты:** 11-сынып оқушыларының қазақ тілі пәні бойынша дайындық деңгейлерін бағалау.

**2. Тест мазмұны:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде – 15, екінші деңгейде – 9, үшінші деңгейде – 6 тапсырма.

Тест жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламасына сәйкес қазақ әдебиеті пәні бойынша оқу материалдарынан тұрады.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Ежелгі дәуір әдебиеті	01	Ежелгі дәуір әдебиеті	01	Көне түркі дәуіріндегі әдебиет. Ислам дәуіріндегі әдебиет
02	Халық ауыз әдебиеті	01	Халық ауыз әдебиеті	01	Тұрмыс-салт жырлары. Мақал-мәтелдер, жұмбақтар
				02	Ертегілер. Аңыздар. Шешендік сөздер
				03	Батырлар жыры.
				04	Лира-эпостық жырлар.
03	Жыраулар поэзиясы (XV – XVIII ғ. әдебиеті)	01	Жыраулар поэзиясы	01	Асан қайғы, Бұхар жырау
04	XIX ғасыр әдебиеті	01	XIX ғ. I жартысындағы әдебиет	01	Махамбет Өтемісұлы, Дулат Бабатайұлы
				02	Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы, Сүйінбай Аронұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Қашаған Күржіманұлы
				03	XIX ғ. әнші-ақындар шығармашылығына шолу.
		02	XIX ғ. II жартысындағы ағартушылар	01	Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин
		03	Абай Құнанбайұлы	01	Абай Құнанбайұлы. Өмірі, шығармашылығы.
05	XX ғ. бас кезіндегі әдебиет	01	XX ғ. бас кезіндегі әдебиет	01	Ш.Құдайбердіұлы, Мағауия Құнанбаев, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов,

					М.Жұмабаев, С.Торайғыров
06	1930-1960 жылдардағы қазақ әдебиеті	01	Кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиеті	01	С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин
				02	М.Әуезов, Ж.Жабаев
				03	С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин,
07	Әдебиет теориясы	01	Көркемдегіш, бейнелеуіш құралдар.	01	Троп және оның түрлері
				02	Фигура және оның түрлері
				03	Өлең құрылымы, ұйқасы
08	1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті	01	1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті. Поэзия	01	М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев, С.Мәуленов, Ә.Тәжібаев, О.Сүлейменов
				02	Т.Молдағалиев, Ж.Молдағалиев, М.Шаханов, Т.Айбергенов, Қ.Аманжолов
		02	1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті. Проза	01	І.Есенберлин, Қ.Жұмаділов, С.Бегалин, Т.Әлімқұлов, Ш.Мұртаза,
				02	Б.Момышұлы, Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, О.Бөкей, Б.Соқпақбаев

### 3. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Әдебиет пәні бойынша:

Ежелгі дүние әдебиеті: көне түркі әдебиеті мен орта ғасырдағы түркі халықтарына ортақ әдеби жазба ескерткіштерінің тарихы мен түрлерін меңгеруі;

Ауыз әдебиеті: қазақ ауыз әдебиетінің басты жанрларының (тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер, эпостық жырлар, лиро-эпостық жырлар, айтыс) негізгі белгілерін, түрлерін саралай білуі;

XV-XVIII ғ. әдебиет: жыраулық өнер және жыраулар поэзиясының даму кезеңдерін, жыраулар тұлғасы мен шығармашылығын, тіл көркемдігі мен жанрлық сипатын меңгеруі;

XIX ғ. әдебиеті: әр түрлі әдеби ағымдардың пайда болуына байланысты тектері мен жанрларына сәйкес талдауды, XIX ғ. әдебиет өкілдерінің шығармашылығының көркемдік ерекшелігін, идеялық-тақырыптық мәнін айқындауы; демократтық, ағартушылық бағыттағы әдебиет, жаңа әдеби ағымдар мен бағыттар, әнші-сазгер ақындар поэзиясының шығармашылық ерекшеліктерін білуі;

XX ғ. әдебиеті: даму сипаты, мазмұн, түр, тақырып пен идея жағынан жаңа сатыға көтерілуі, әдеби жанрдың дамуы және көрнекті өкілдерінің шығармашылығын меңгеруі;

1930-1960 жылдардағы қазақ әдебиеті: 1930-1960 жылдардағы қазақ әдебиетінде кеңестік дәуір, соғыс, отаншылдық тақырыптың қалыптасуы; жанрлардың дамуы және көрнекті өкілдерін білуі;

1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті: 1960-1990 жылдардағы әдебиетінің бағыттарын, үлгілерін, жекелеген үздік туындыларын оқып, жанрлық ерекшелігін зерделей білуі;

Әдебиет теориясы: көркем шығармаға қатысты тақырып, идея, сюжет, композиция, көркем бейне, типтік образ, әдеби мінез, көркем бейнелеу құралдары секілді әдеби-теориялық ұғымдарды білуі, олардың көркем туындыдағы қызметін танып, талдай алуы керек.

### 4. Тапсырмалар формасы:

Тест бір дұрыс жауапты (берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау) 20 тест тапсырмасынан және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты 10 тест тапсырмасынан тұрады. Таңдаған жауапты жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет.

### 5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Дұрыс орындалған бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін оқушы 2 балл, бір қате үшін – 1 балл, екі және одан да көп қате үшін – 0 балл алады. Толық тест бойынша максималды балл – 40.

**6. Тест тапсырмаларын апробациядан өткізу:**

Тест тапсырмалары ҚР мектептерінің 11-сыныптарында апробациядан өтеді.